

В НОМЕРЕ:

2

**ТУРКЕСТАН
ЭТО НАША
ИСТОРИЯ**

5

**ЕСТЕН КЕТПЕС
ЖАЗҒЫ**

ДЕМАЛЫС

13


**КАК ПОМОЧЬ
РЕБЕНКУ
В УЧЕБЕ?**

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№ №15-16

(346-347)
от 31 августа
2021 года

сенің әлемін



«Горы в моем сердце», читайте на стр.14





№№15-16
(346-347)

от 31 августа
2021 года

С МИРУ ПО СТРОЧКЕ



Вот и прошло лето. Закончились самые длинные летние каникулы. Не так давно мы собрались за чашкой чая. Вместе с подругами Томирис, Алиной, Асель мы долго рассматривали фотографии летнего отдыха. И вот на глаза попались фотографии летнего этноаула.

В нашем летнем лагере прошло замечательное мероприятие - этноаул 2021 год. Правда, замечательное! В этот день мы готовили блюда казахской национальной кухни. Самса, баурсаки получились вкусными. Наши воспитатели Сергиенко Татьяна Владимировна и Удербаяева Даметкен Бегалиевна присматривались к каждому баурсаку и каждой самсе, чтобы они получились красивыми и воздушными. У нас все получилось!!! Наконец-то, мы вместе с воспитателями пожарили баурсаки и самсу.



С удовольствием мы отправились в нашу юрту. Нас ждал богатый дастархан. И вкусное чаепитие в национальных костюмах с национальными блюдами.

Я - казашка, родилась и выросла в многодетной семье. Я горжусь тем, что дети разных национальностей (и взрослые тоже) в нашей школе с радостью и удовольствием готовят блюда родной казахской кухни. Это значит, что и дома мои подруги и друзья будут готовить баурсаки и самсу, раскатывать бесбармак. Пить ароматный, вкусный чай с халвой и орешками, пирогами домашнего приготовления.

Спасибо летнему лагерю за такое замечательное мероприятие. Фотографии еще долго будут нам рассказывать об этом прекрасном празднике дружбы.

**Жұмабай Ясмин, 6 а класс,
Павловская СОШ
село Коньрозек
Успенский район**

Туркестан – это наша история



Каждое лето мы ездим отдыхать. К сожалению, в прошлом году из-за пандемии мы сидели дома.

Лето нынешнего года подарило мне большую радость – вместе с мамой, бабушкой и братиком мы побывали в Нур-Султане и Туркестане. Сначала на поезде мы отправились из Павлодара в Нур – Султан. А потом другой поезд вез нас на юг страны в Туркестан.

Первый раз в жизни я останавливалась с мамой и родственни-

ками в гостинице. Меня очень удивил Туркестан. Оказывается, город был сердцем Великого Шелкового пути. Сегодня Туркестан – это большой и красивый современный город.

Все достопримечательности мне очень понравились.

Мавзолей Ходжа Ахмета Ясави, тайказан, колодец со святой соленой водой, скульптуры верблюдов и кувшинов.

Спасибо родным и близким за незабываемую поездку. Туркестан – это история моей Родины. А историю надо знать и изучать.

На память о поездке остались фотографии и видео.

**Кушмагулова Тамирис,
Павловская СОШ
Успенский район**

Рецепт семейного счастья



С 6 по 13 сентября 2021г. в нашей школе прошла онлайн-акция «Рецепт семейного счастья», посвященная Дню семьи. Цель данной акции: популяризация праздника День семьи; формирование культуры семейного воспитания; развитие детско-родительских отношений, отношений «школа – семья». Участникам акции надо было подготовить творческие работы, иллюстрирующие историю семьи, семейные

ценности, традиции (фото, фотоколлажи, видеоролики и др.). Работы были размещены на школьной инстаграмм странице.

Благодарим активных участников онлайн-акции:

Ережел Амир 1 «Г» класс, Чупин Сергей 4 «Г» класс, Сергазина Дильназ 4 «В» класс, Сакен Жангир 2 «В» класс, Алжабаев Алишер 8 «Б» класс, Гусева Рамина 9 «Б» класс, Абжанова Алтынай 3 «Г» класс, Едилбай Нурали 3 «Г» класс.

**Аширбекова А.С.,
старшая вожатая СОШ №15**



Как вы думаете, о чем мечтают летом взрослые и дети?! Конечно же, об отдыхе. О поездках, путешествиях, загаре. Вот и наша семья съездила на отдых в соседний район – Щербактинский. (Со всем не далеко от нашего села). Здесь и расположено знаменитое целебное озеро – Маралды.

Август 2021 года – очень теплый и солнечный месяц. Именно август подарил нам отдых на озере Маралды. Целебная озерная грязь, загар на песке, купание в соленой воде. Как же все - таки хорошо лежать в соленой воде! Соль на всем теле. И вот душ. Душ с обычной, пресной водой. С наслаждением стоим под струей воды... Теперь можно и домой.

Озеро подарило нам хороший отдых.

Мы обязательно приедем на отдых. Впереди еще много теплых дней.

Пока, Маралды!

**Головченко Даниил,
Павловская СОШ
Успенский район**

Летний отдых



Лето дарит нам много свободного времени. Мы много спим, ездим в гости, принимаем дома гостей. А еще у нас во дворе стоит надувной бассейн. Папа с мамой купили бассейн в Павлодаре. Бассейн большой: мы, дети, вчетвером можем в нем поместиться и купаться.

А еще мы помогаем папе с мамой в огороде. Поливаем ягоды, овощи. Мама с папой вырывают сорняки, и мы им помогаем. Можем и мусор собрать граблями.

Вечером мы рисуем в альбомах, раскрашиваем рисунки, играем в игры, читаем детские книжки,



нянчимся с младшим братиком. Работы у нас много.

Наша молодая многодетная семья дружная и трудолюбивая.

Мне нравится помогать по дому и огороде. За лето я порос и набрался сил.

А еще мы ездили в Набережное к родственникам. Там я видел лошадей. Одну лошадь мы сфотографировали. Правда, лошадь - красавица!!!

Спасибо лету за солнце и радость.

**Амангелді Әбілмансур,
3 а класс Павловская СОШ**



«Вот оно какое наше лето...»

«А все-таки на свете придумано не зря: Что открывают детям ребята лагеря!»

Для 86 детей распахнул свои двери в июне летний оздоровительный лагерь «Күншуақ» дневного пребывания при СОПШДО №17.

В течение всей смены ребята были вовлечены в калейдоскоп различных событий. Каждый следующий день был не похож на предыдущий и наполнен яркими впечатлениями, общением и встречами с интересными людьми. Для каждого ребенка лагерь открылся своей гранью: кто-то нашел новых друзей, кто-то открыл в себе новые творческие способности, кто-то узнал, что трудиться это интересно, а кто-то научился не огорчаться при поражении.

Каждый день проводились тематические линейки, и каждый день лагеря имел свое название. Например, «День улыбок», «День спорта», «День защиты окружающей среды».

В первый день была проведена торжественная линейка в честь открытия лагерной смены – ребята в игровой форме познакомились с режимом дня, с правилами и законами лагерной



жизни, со своими воспитателями и работниками лагеря. Большую помощь в проведении праздника оказали преподаватели музыки и танцев Шаповалова Наталья Витальевна и Мананникова Татьяна Владимировна. План мероприятий, проводимых в оздоровительном лагере, был составлен так, что каждое мероприятие носило всесторонний воспитательный характер, затрагивало все аспекты и направления воспитательной концепции. Творчески подошли к проведению мероприятий воспитатели отрядов «Тулпар»,

образовательного центра «Детки – конфетки», где ребята творили свои сладкие «шедевры», экскурсии в мультимедийный музей «ERTIS».

Большое внимание уделялось не только пропаганде культуры и здоровому образу жизни, но и изучению правил дорожного движения, пожарной безопасности. Проводились беседы, направленные на психологическую поддержку ребенка, игры на сплочение и проявление ярких индивидуальных качеств.

Естественно, что укреплять

«Толағай», «Балапан». Сколько заряда бодрости ребята получали от танцевальных зарядок и музыкального сопровождения в течение дня. Ни минуты ребята не сидели без дела. Сколько было впечатлений у ребят после посещения краеведческого музея имени Потанина, выхода в культурно - досуговый центр им. Абусеитова,

здоровье нельзя без спорта. Два раза в неделю ребята нашего лагеря плавали в бассейне, занимались скалолазанием. Наши дети принимали активное участие в спортивно-развлекательных мероприятиях, таких, как «Путешествие в далекие страны», «Зов джунглей».

Ежедневно проводилась зарядка и танцевальные разминки на свежем воздухе. Одним из самых интересных и незабываемых стал день Нептуна. Открытие купального сезона в своем собственном бассейне.

Но каким бы насыщенным и интересным не был июнь в пришкольном лагере, наступил заключительный концерт закрытия смены, который надолго останется в памяти ребят. Столько ярких звездочек зажглось на небосводе нашего пришкольного лагеря, сколько было приложено усилий, чтобы ребята сдружились между собой, и получилась одна дружная команда летнего лагеря «Күншуақ». Я уверена, что июнь в нашем лагере для ребят нашей школы стал ярким, полезным и веселым.

Нурумбекова Г. Е.
Старшая вожатая лагеря
СОПШДО №17 г.Павлодар

Неделя Здоровья



Сохранение и укрепление здоровья школьников - одна из основных целей педагогического процесса в школе. Поэтому в нашей школе имени Мухтара Ауэзова есть замечательная традиция - это проведение «Недели Здоровья». О важности правильного образа жизни и занятий физической культурой и спортом говорится детям часто, полезные привычки пропагандируются постоянно. И хорошо мотивирует школьников к движению в направлении здорового образа жизни необычная форма проведения спортивных мероприятий.

Учитывая нынешние сложившиеся условия в связи с пандемией, мы не можем соединить параллели классов вместе, поэтому мы, учителя физвоспитания, спортивные мероприятия провели во время уроков. Классам было объявлено, чему посвящается данное мероприятие. Все мероприятия проходили во вторую неделю сентября.

В начальных классах учителя физической культуры провели «Веселые старты». Во время «Веселых стартов» дети получили массу положительных эмоций, заряд бодрости и энергии. А самое главное, дети учились играть в команде, действовать сообща, что способствует воспитанию чувства коллективизма и взаимопомощи.

В среднем и старшем школьном звене учителя физической

культуры Досанов З.А., Цибулько О.А., Козыбаков М.Т., Нукежанова З.К. провели «Осенний кросс». Было решено, что для воспитания здорового духа соперничества, соревнования пройдут во время уроков физкультуры, но все результаты будут сведены в общий протокол по параллелям и с учетом оценивания отдельно девочек от мальчиков. Учитывая, что дети ещё не окрепли после дистанционного обучения, мы определили для них небольшие дистанции. Так, чтобы бег был в радость, а не в тягость. Для параллелей 5-6 классов дистанция составила 600 метров, для 7-8 классов – 800 метров и для 9-11 классов – 1000 метров. Участники кросса постарались приложить усилия, чтобы прибежать к финишной черте первыми. Но были дети, которые не смогли в силу своих физических данных быть в рядах первых, зато они поддержали акцию «Здоровья» и не сошли с дистанции, придя к финишу.

Также в классах были проведены национальные игры «Разорви цепи», «Петушинный бой».

Неделя здоровья дала старт для дальнейших спортивных мероприятий на весь учебный год. Всем здоровья и жизненной энергии!

Олеся Цибулько,
учитель физического
воспитания
СОШ имени М.Ауэзова

Лучшая поездка



Лето я провела очень интересно, происходило множество ярких моментов, о которых я вам сейчас расскажу. В начале лета, после окончания 7 класса, не происходило ничего особенного. Все было как обычно и даже в какой-то мере скучновато. Радовали только прогулки с друзьями, походы в пиццерию и в кафе. И так проходил день за днем. Но уже через пару дней, нас ожидал сюрприз. Я не знала, что будет на этот раз, могло быть что угодно, вплоть до Баянаула, поездка в Боровое. Но меня больше всего порадовала поездка в Нур-Султан, а если быть точнее поездка к нашим родственникам, к моим двоюродным братьям и сестрам.

Поездка состоялась утром, собрав все необходимые мне вещи, мы отправились в путь. Приехав, мы заселились в небольшой отель, (хотели сделать сюрприз родным). Купили различные подарки, сувениры. И решились сделать сюрприз вечером, так как все придут с работы, и тут не ожи-

данный им сюрприз.

Все произошло, как и планировали, все очень были рады нашему приходу, особенно мои сестренки. Это был очень красивый, запоминающийся день в моей жизни. Так как я не виделась с ними очень долгое время. И вот мне выпала возможность с ними увидеться и, естественно, я не упустила эту возможность, благодаря моим родителям.

Хочу сказать, что несколько недель, которые я провела со своими родными, доставило мне столько положительных, ярких, а главное, запоминающих эмоций на всю жизнь. Эта поездка, была не просто поездкой для меня - это значило многое, не так чтобы поставить галочку, что я съездила в Нур-Султан. А главное, проведать своих родных. И могу сказать, что эта поездка удалась, поездка была самой лучшей за все мои прошлые каникулы.

Тлектес Дария,
8 «Б» класс
СОШ имени М.Ауэзова





№№15-16
(346-347)

от 31 августа
2021 года

Сөздің дыбысталуын бейнелейтін жазу жүйесі оқырмандар мен жазушылар үшін өмірді жеңілдеті түседі. Бірақ мұндай жүйенің мынадай салдары бар: жазушылар әртүрлі диалектіде сөйлесе, ортақ орфографиялық ереже болмаған жағдайда әдеби шығарманы әркім өзінше жазады.


Грек жазуы қолданыла бастаған алғашқы ғасырларда тілдің емле ережесімен бірге өзге де қасиеттері бірталай өзгеріске ұшырады. Бірақ бұл әр автор өзі қалаған стильде жазды деген сөз емес. Олар өздерінің диалектілерін қолданды.

Ол кезде Грекия халқы бірнеше диалектіде сөйледі. Олар өз орталарында бір-бірімен жақсы түсіністі. Ертедегі әдеби шығармалар әртүрлі диалектіде болған. Сапфо өлеңдерін Лесбос аралына тән эолик диалектісінде, ал Платон Афина қаласында тұрған жылдары аттик диалектісінде жазды.

Біз мұны назар аударарлық ерекше құбылыс деп есептейміз. Бүгінде бірқатар ағылшын жазушылары диалектілерді әдеби мақсатта пайдаланады.

Алайда диалогтер мен өлеңдерде немесе шағын әңгімелерде диалектілер жиі қолданыла бермейді. Олар көбіне өзге жазба контекстерге тән ортақ стандарт бойынша жазылды.

Дегенмен ежелгі Грекияда ортақ стандарт болған жоқ. Грек тілінің қандай болуы керек екенін



шешетін білім бөлімінің басшылары мен кітап баспасы сияқты мекемелер болмады. Болуы да мүмкін емес еді. Себебі ол кезде Грекия саяси бірлік болып саналмады. Грек тілінде сөйлейтіндер топ-топ болып бөлініп, тәуелсіз шағын мемлекеттерде өмір сүрді және бірде-бір мемлекет өзгелеріне билік жүргізген жоқ. Чжоу династиясы билігі кезінде де Қытайдағы жағдай осы шамалас еді. Бір айырмашылығы – Қытай оған дейін біртұтас мемлекет болатын. Ал Грекияда жағдай мүлде басқаша қалыптасқан.

Десек те өздерін «эллиндер» деп атаған гректерге біртұтастық тән. Олар өздерін әлі күнге дейін осылай атайды («Эллиндерге» қарағанда «гректер» деген терминді көп қолдануымыздың

себебі – біз римдіктер пайдаланған сөзді қабылдап алдық). Өздерін «эллиндер» деп атағандар грек Құдайлары мен бағырларына табынды, Дельфидегі абыздардан ақыл-кеңес сұрады, олимпиада ойындарына қатысты және hellenike glossa деп аталған грек тілінде сөйлесті. Эллиндерден өзгелер варварлар (barbaroi – түсініксіз тілде сөйлейтін адамдар дегенді білдіреді) болды. Barbaroi сөзі белгілі бір дыбысты бейнелейді. Дәлірек айтсақ, гректер варварлардың сөйлегенін «бар-бар-бар» деген дыбыс ретінде қабылдаған деседі.

Яғни адам өзін белгілі бір топтың мүшесі ретінде сезінуі үшін, ортақ тілі мен ортақ мемлекет болуы міндетті емес. Өкінішке қарай, олар өзара бейбіт өмір сүруге де тырыспады. Грек мемлекеттері бір-бірімен талай рет жанжалдасты. Ортақ жауларына тойтарыс беру үшін, талай мәрте тізе де қосты. Бірақ дау-дамайға қарамастан, басқа елдердің авторларының шығармаларын оқыды. Тіпті олардың диалектілерін үйреніп алды.

Диалектілер арасындағы айырмашылықтар бірден байқалғанымен, үнемі ажыратыла бермейді. Мысалы, «ай» деген сөз Сапфоның эолик диалектісі бойынша жазылған өлеңінде selanna деп берілген. Ал аттик диалектісі бойынша – selene. Сапфо «жалғыз» деген сөзді mona деп жазды. Ал аттик диалектісі

бойынша – mone. Бұдан жүйелік айырмашылықты, яғни аттик диалектісінде сөздердің көбіне е дауысты дыбысымен аяқталатынын байқауға болады. Ал эолик диалектісінде а әрпімен аяқталады. Мұндай тұстарын үйрену қиын емес. Бір айтарлығы, кей кездері авторлар шығармаларын өзге диалектілерде жазды. Мәселен, «хормен айтылатын өндер дорик диалектісінде жазылуы тиіс» деген үрдіс қалыптасты.

Сол себепті аттик және басқа да диалектілерде сөйлейтін ақындар хор өлеңдерін дорик диалектісінде жазды. Бұл жағдай Эсхил, Софокл және Еврипид жазған атақты трагедияларда төтенше жағдайларға әкеп соқты. Олардың үшеуі де де афиналықтар еді, ал пьесалары аттик диалектісінде болды. Бірақ хормен айтылатын көптеген өндері мен жырларын дорик диалектісінде (немесе соған ұқсас диалектіде) жазды. Осылайша ақындар мен жазушылар бір ғана диалектімен шектеліп қалмай, басқаларын да пайдаланған.

Соымен, гректердің ортақ жазба тілі болды, бірақ ол бірыңғай емес-тін, ол тілдің бірнеше диалектілік жазба нұсқасы еді. Әр мемлекет (грекше polis) өз саяси мүддесіне баса мән бергендіктен, әртүрлі аймақтардағы тілдік формалардың дәрежесі мен қолданылуы тең болатыны түсінікті. Бірақ уақыт өте келе, жағдай біршама өзгерді.

Тәулік тылсымдарының адамға әсер етер сырын да біліп жүрген артық болмас



Тәуліктің әр сағатының өз биоырғағы болатынын ғалымдар дәлелдеген. Олардың тұжырымы бойынша өткізер әрбір сағаттың сыры мынадай болып келеді:

Қалай болғанда да, адамның ұйқысы таңғы сағат 5-те негізінен канады екен.

Бұл кезде өкпе мен бауырға зиян келмеуі үшін, қамығуға, ашулануға жол бермеу керек. Осы кезде оянған адам бір күн бойы сергек жүреді. Атам қазақ айтқар: «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген халық нақылы тегін айтылмаған. Таңғы уақыттың тиімділігін ескеріп, ерте тұруға тырысқан абзал. Далаға шығып, таза ауа жұтып, жүріп, жүгірген дұрыс. Денені сергіту үшін, «Бойым байсал тартады керілгенде» деп, халық әнінде айтылғандай, таңғы жаттығулардың ұнағанын жасай отырып, керіліп, созылу, артынан жуынып, мүмкіндігіне қарай жылы душ қабылдап, күн бойына күш-қуат сыйлары сөзсіз.

Сонан слң сағат 6-да адамның есте сақтау қабілеті ең жоғары дәрежеге көтеріліп, іске қосылары дәлелденген. Бұл кездегі оқыған

деректер жадымызда ұзақ сақталып қалатын болғандықтан, бұл мезгілді мектеп оқушылары тиімді пайдалануды қаперінде ұстап, ерінбестен ертелеп тұрып, сабақтарын қайталап, мұғалімдердің тапсырған ережелерін, тақпақтарын жаттаса, уақыт ұтары анық. Жалпы, таңғы 6 мен түскі 12-нің арасында адамның миы белсенді жұмыс істейді.

Сағат 7-ден бастап қан айналымы тездеп, бүйрек үсті безі гормонының бөлінуі ең жоғары сатыда болады екен.

Ал сағат 8-дежыныс гормонының бөлінуі ең жоғары сатыға көтеріліп, көңіл күй жақсарып, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеті тәулік ішіндегі ең жоғарғы шегіне жетіп, қабылдаған ақпараттарды қорытады.

Есте боларлығы, бұл уақытта арақты ауызға татып алуға да болмайды. Себебі, ішкен аз ішімдіктің өзі бауырды «отырғызып», адам айтқысыз кері әсер әкелетін көрінеді.

Жүректің толық қызметі сағат 9-дан басталып, рух көтеріңкі болып, адамның жұмысқа

белсенділігі артады екен.

Сағат 10-да адам зейінін шоғырландырып, жоғары еске сақтау қуатын пайдаланып, ең өнімді еңбек етер уақыт.

Жарыққа сезімтал келіп, көздің көру қуаты артып, ерекше жақсаратын уақыт – сағат 11. Сағат 11 мен 13 аралығы жүрекке қуат жеткізілетін уақыт. Бұл мезетте көзді жұмып, 15 минуттай тынышталып отырсаңыз, жүрек қуатыңыз толық болмақ. Жүрек ауруы барлар күнде осы уақытта ұйықтауды ұмытпаса, дене қуаты күн сайын артып, жүрек қағуы қалыбына түседі. Ал, дәл түс мезгілінде көзді жұмып 3 минут ұйықтау екі сағат ұйықтағанмен тең екен.

Сағат 12-ден адам миы біраз шаршаңқырап, ой қорыту біртіндеп әлсірей бастап, демалысты қалағандай болады екен. Сондықтан да бұл уақытта санаға шамадан тыс салмақ түспес жұмыстармен айналысқан жөн көрінеді.

Демалыс күндерінде сағат 12 мен 13 аралығын, түскі ұйқыға арнауға ең жақсы мезгіл деп білген.

Адам шаршағандай болып, қалжырап, демалуды қажет етер мезгіл – сағат 13. Жалпы, сағат 12 мен 14-тің аралығы ағзаның түгелдей асқазанның жұмысына мән беріп, асқорыту мүшелері жақсы қызмет жасайтын уақыт.



Сағат 14-те гормон біртіндеп бөлініп шығатындықтан, сезім баяулап, манаурап, рух салғырттана бастайды екен.

Дене температурасы мен қан қысымы өрлеп, иіс пен дәм сезу түйсігі көтерілер мезгіл – сағат 15 пен 18 аралығы.

Ғалымдар қан қызғылттанып, құрамындағы қант көбейіп, суға жүзу рекордын жасаудың тиімді мезгілі – сағат 16.

Сағат 17-ні ғалымдар – рақ клеткаларының бөлінуі баяулайтын, споршылардың жаттығу мөлшерін еселеп арттыра берулеріне болатын мезгіл деп білген.

Ұзақ уақыт бойы есте сақтап жүрудің ең жақсы мезгілі – сағат 18 бен 19 аралығы, ал сағат 20 арасы есте сақтау қабілетінің ең жоғарғы шекке көтерілер уақыты. Сағат 20-да адамның салмағы ауырлап, сезу қабілеті әдеттегіден жоғарылап, жан-жақтылығы артып, айналасына бей-жай қарамай, әрбір қимылына мән бере білген. (жалғасы бар)

Бетті әзірлеген:
Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
Ақсу қаласының №2 ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Павлодар облысы
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі



№№15-16
(346-347)

от 31 августа
2021 года

Оқушылардың сабақ жаттауына тиімді мезгіл – сағат 21. Себебі бұл уақыт, күндізгі көріп, естігендерді қайталай еске түсіріп, есте сақтауға қолайлы екен.

Сағат 22-де талма ауруы барлар сақтанып жүрер уақыт.

Адам бойында зат алмасуы баяулап, ұйқыға жатар мезгіл сағат 23-24м аралығы. Бұл кезден бастап, адам ағзасы күні бойы жұмсаған энергияның орнын толтыруға көшеді. Сондықтан да ағзаның ішкі жұмыстарына кедергі болмау үшін тыныш қана ұйықтаған абзал. Осы ретте, жатар алдында Алладан тыныш ұйқы тілеп, ғалымдардың, ұйқы тыныш болу үшін, ұйықтар алдында біраз серуендеп келіп, ваннаға түсу немесе бал қосылған сүт ішу жөніндегі ұсыныстары ойда болғаны жөн сияқты.

Бауырдың бір ерекшелігі, адам жатқанда қан қайтады. Ал, отырып, тұрғанда қан басқа мүшелерге жіберіліп тұрады. Сағат 23-те өт пен қан жолы ашылады. Бұл кезде ұйықтамаған адамның өт қуатына сүйенетін іштегі 11мүшесінің қызметі, өт қуатының зақымданып, әлсіреуіне байланысты әлсіреп, зат алмасуы бұзылып, иммунитет кемиді екен. Бұл кездегі, яғни түн ортасындағы (23 пен 1 арасы) 5 минуттық ұйқы 6 сағаттық ұйқының демалысын сыйлайтын көрінеді.

Сағат түнгі 1-де дене шегіне жете босап, қан қысымы түсетіндіктен, ауру-сырқауға өте сезімтал келетін уақыт екен.

Сағат 1,30 бен 2,30-дың арасы «соқыр мезгіл». Көз көру дәрежесі



төмендейді. Соны ескеріп, бұл мезгіл аралығында кітап оқуды доғарып, көлік жүргізбеу керектігі естен шықпау керек.

Сағат 2-де адам температурасы төмендеп, бауыр улы заттарды қуып, тазарта бастайды екен. Түн ауған кезде (түнгі 1 мен 3 арасы) ұйықтамаңыз, бауыр улы заттарды аластай алмайтындықтан, қан жақсы тазармай қалады.

Сағат 3-те денедегі бұлшық еттер босаған қалпын ұстап тұрып, тамыр соғу сиреп, тыныс алу азаяды. Сағат 4-те барлық органдардың қызметі баяулап, қан қысымы төмен болады. Бұл мезгілде ми бөлімінің қанмен қамту мөлшері азайғандықтан, әйелдердің босануы жиі болады екен де, сағат 4-тің кезі – ауыр аурумен ауырып жатқан адамдар ажал құшатын мезгіл деп түсінген.

Түн жарымда ұйықтап жатқанда, дененің, яғни бұлшық еттердің, босануы шегіне жетіп, соған қарай қан қысымы да

төмендеп, тамырда өте баяу жылжиды екен. Бұл кез қан ұйып, тамырда тұрып қалу қаупі жоғары болар мезгіл болғандықтан, адам денсаулығы үшін қауіпті шақ саналған. Кездейсоқтықтың алдын алып, тосын оқиганың орын алмауына ықпал етерлік бірден-бір жол – ол мұсылмандардың түн жарымында ұйқысын бұзып

оқитын, тілек-дұғаның қабыл болатын, тәһәжжуд намазы екен. Бұл намазды, Пайғамбарымыз Аллаға барынша жақындататын, сүннет намаздардың ең қайырлысы – дегені бар. Ғалым-дәрігерлер осы түнгі намаздың адамды инфаркт алудан сақтайтын бірден-бір себепкері екенін мойындаған. Ұйқыдан тұрып, дәрет алып, намазға тұрып, Құдайға жалбарыну, қан айналымын қалпына келтіріп, тың күш-қуат беріп, тән мен жанға жеңілдік әкеледі екен.

«Әр түнде бір сәт бар, Алладан не сұрасаң, сол тілегің қабыл болар» деген хадис те түн ғажайыбынан хабар бергендей.

Түн – адамның түрлі түс көретін ғажайып мезгілі. Небір тың, ғажайып ойлар мен сиқырлы шабыт келетін тылсым уақыт. Зерделесек, адам миы күндіз жұмыс істеп түнде демалу керек деген иұжырым қалыптасқан. Ал ғалымдар болса керісінше,

адамның миы ең жақсы жұмыс істейтін кез, таңертеңгі мезгіл мен түн мезгілі екендігін дәлелдеп отыр.

Қалай болғанда да айтқанымыздай, түн тыныштығы кез келген адамды шабыттандырады анық.

Жаратушы Алла небір ғажайыптарды түнге жасырған. Бұған жылда қарсы алып, атап өтетін мұсылмандардың мүбәрак түндерін дәлелге алуға болады.

Ережеп айының алғашқы жұмасы – «Рағайып түні», 77-түні – Миграж түні. Шағбан айының он бесінші түні – адамның бір жылдық ризық-несібесі, жылдық тағдыры анықталар түн – «Барат түні».

Рамазан айының 27-ші түні – Пайғамбарымызға Құран түскен – Қадір түні. Міне, тәуліктегі өтер әрбір сағаттың тылсымды сырларымен таныстық. Ендеше, әркім де өз өміріндегі күнделікті іс-қимыл әрекеттерін, жоғарыда келтірілгендей, сағаттарға сәйкестендіріп отырғаннан ұтпаса, ұтылмайды. Адам ағзасы орнатқан тәртіпке бағынып, ұйқының алаңсыз болып, жұмысының жемісті болуы үшін, әр адам өз денсаулықтарын қорғап, іс өнімділігін арттыруға көңіл аударып отырса ғой, шіркін!

жиган-терген
Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
Ақсу қаласының №2 ЖОББ
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі
Павлодар облысы
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

Дәу, жолаушылар және жезтырнақ

Баяғыда бір Дәу өмір сүріпті. Оның үй-жайы, әйелі болыпты. Үйінің есігі төбесінен жасалыпты. Келген-кеткен сол есіктен кіріп-шығады екен.

Бір күні Дәу үйінің үстінде жан-жағына қарап отырса, алыстан шаңдатқан үш салт атты көрінеді. Ол жерге түсіп, аттылардың алдынан шығып қарсы алады. Дәудің әйелі бұл кезде бір жаққа кеткен екен. Ол жолаушыларды үйіне бастап әкеліпті. Содан соң оларды құрметтеп, төрге отырғызып, өзі далаға шығып кетеді.

Сөйтіп сырттағы аттарды байлап қояды. Үйге қайтып келіп, меймандарының алдына ас қояды.

Ас желініп біткеннен кейін дәу ойларында ештеңе жоқ, қаннан-қаперсіз отырған қонақтарының аяқ-қолын байлап тастайды. Содан үшеуінің әрқайсысының басы мен желкесін қолымен басып көріп жүріп, байдың баласын таңдап, оны жей бастайды. Сонда байлаулы екі жолаушының бірі отырып:

«Әкем қатты қысылғанда жылқының қылын тұтату керек деуші еді», - деп етігінің

қонышынан аттың қылын суырып алады.

Бұл кезде Дәу байдың баласын жеп бітіріп ақлған. Жолаушы аттың қылымен алыптың мойнынан ұрып жібергенде, қыл оның басын қиып түсіріпті.

Алайда бассыз қалса да, алып дене ортада әлі теңселіп жүр дейді. Естері шыққан екі жолаушы үйдің екі бұрышына тұра қалыпты. Бір уақытта барып Дәу әлсіреп құлапты. Сол кезде жолаушылар үйден атып шығып, аттарын шешіп алып, алды-артына қарамай қаша жөнеліпті.

Біраздан соң байқаса, арттарынан бір әйел қуып келе жатыр екен. Ол бағанағы Дәудің әйелі Жезтырнақ болып шығады. Екеуі садақтарын ала салып әйелге оқ жаудырыпты. Сөйтіп оны да өлтіріп, жез тырнақтарын алып жөндеріне кетіпті.

жиган-терген
Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ
Ақсу қаласының №2 ЖОББ
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі
Павлодар облысы
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

«Менің жанұям - менің мақтанышым»



Отан отбасынан басталады. Отбасы кішігірім мемлекет. Отанды сүю отбасынан басталады. Отбасында адам алғашқы тәрбиесін алады. Менің есімім Айгерім. Мен 4- сынып оқушысымын. Өзімнің отбасым жайлы айтқым келеді. Менің отбасым - көп балалы отбасы. Менің жанұямда әжем, әке-шешем, әпкем, ағам және кішкентай бауырым бар. Отбасымыздың әр мүшесі өзара сыйластықпен, сүйспеншілікпен араласады. Отбасымыздағы адамдардың барлығы мейірімді жан. Отбасымыздың ақылшысы әжем болса, әкешім-асқар тауым, қамқоршымыз. Анам түн ұйқысын төрт бөлген аяулы жан, анам мектепте қызмет атқарады.

Отбасымыздағы үлкендер бізді әдепті, тәртіпті, мәдениетті болуға

тәрбиелейді. «Үлкенге құрмет, кішіге ізетті» болуға баулиды. Біз олардың айтқан ақылдарын тыңдаймыз және орындауға тырысамыз. Әпкем Меруерт мектепті «Алтын белгіге» аяқтап, Алматы қаласында дәрігер мамандығына оқиды. Мен де оған ұқсағым келеді. Ағам Бексұлтан спортпен айналысады. Быыл ол Павлодар қаласында орналасқан университетке мемлекеттік грантпен оқуға түсті. Кішкентай бауырым Алихан биыл 3- сынып оқушысы. Ол мектепке барғанды ұнатады. Бауырым екеуіміз бос уақытымызда үлкендерге көмектесеміз, кітап оқимыз және тағы да басқа сүйікті істерімізбен айналысамыз. Отбасымыздың іргетасы берік болуын қалаймын. Өмір бойы ынтымағы жарасқан отбасы қатарында болады деп үміттенемін. Мен өз жанұямды жақсы көремін, мақтан тұтамын. Болашақта әке-шешемнің, апаларымның үмітін ақтауға тырысамыз.

Павлодар ауданының
Кеңес негізгі мектебінің
4-сынып оқушысы
Молдахметова Айгерім

ЕСТЕН КЕТПЕС ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Мен жазғы демалысты керемет өткіздім. Мен достарыммен көп уақыт өткіздім. Маған қонаққа келген туыстарып көп келді. Мен Екібастұзда тұратын ағама қонаққа бардым. Онда бізсаябақтарда серуендеп, көлдерде жүздік жазды естен кетпестей тамаша көңілді



өткіздік. Біз барған көл сондай таза және мөлдір болды. Мен әпкелеріме де қонаққа бардым. Біз

әпкелерімен және достарыммен күнде серуендеп, қаланы аралап тамашаладық.

Жаздың аяғында мен әке шешеммен және жиенімен бірге Нұр-Сұлтан қаласына бардық. Мен астанада сәнді ғимараттарға тамсана қызығыға қарап үлкен әсер

алдым. Ғимараттар өте үлкен және әдемі болды. Маған астана ұнады. Осымен менің жазғы демалысым аяқталды.

Павлодар қ,
№17 ЖОББСОБМ
6 “г” сынып оқушысы
Тлуев Батырхан

Салт-дәстүрлеріміздің кейбірі халық арасында кеңінен пайдаланылып жүрген болса (айдар тағу, қонақ кәде, бастаңғы және т.б.), кейбірі ұмыт қалып барады. Әсіресе жастарымыз біле бермейтін салт-дәстүрлеріміз жетерлік. Ата-бабаларымыздан мұра боп қалған салт-дәстүрлер әрдайым игі мақсаттар үшін қолданыста болған. Сол себепті оларды біле жүру, кей-кейде өмірде іске асыру да артық етпес.



Ақсарбас атау. Қауіп-қатерге ұшырағанында «А, Құдайым ондасын! Мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл аймағын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы), қызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсарбас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс.

Асату. Бұл дәстүр Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» деген кітабында толық баяндалған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоғая бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретін-ді.

Ат тұлдау. Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды.


Аунату. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп бала-

ларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхатр Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

Аяғына жығылу. Кешірім сұраудың ең үлкен, кішіреюдің ең ауыр түрі – осы ғұрып. Оны орындағанда айыпты адам жанына абыройлы, қадірлі кісілерді ертіп алып, тисті адамның үйіне рұқсат сұрап кіріп, кешірім сұрайды. Айыбы үлкен болса, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғына жығылып, оны құшақтаған қалпы жылап, кешірім сұрап, жалынған. «Аяғына жығылу» - әрі ғұрып, әрі жазаның бір түрі.

Байғазы беру. Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады.

Босаға майлау. Жастар шаңырақ құрғанында немесе біреу жаңа үй алғанында жақын туған-туыстары келіп жаңа үйдің



босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ниеттен туған. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

Енші беру. Ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін «енді өз күндерін өздері көре алады» деген сенімге келіп, отау тігіп, бөлек шығарады. Сонда малынан – мал, мүлкінен – мүлік бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді. Мұны енші беру деп атайды. Ата-анасы қайтыс болса, олардың малы мен дүние-мүлкі қалған ағасы інісіне еншібас беруге тиіс.

Ерулік беру. Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған-туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші-қолаң немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бөтенсімей, өз ортасына тарта білген.

Жылу жинау. Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ортасынан бір адам ұйымдастырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам

жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

Қазан шегелеу. Жақын туыс, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлық танытады, әйелі ет асып қонақасы береді.

Қалау айту. Біреудің жақсы малына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйдің иесіне немесе әйеліне, баласына соған лайықты бағалы бір тарту әкеліп, әлгі дүниені, жануарды «менің қалауым осы» деп сұрайды. Кейде үй иесі мұндай сыйлы, жөн-жоралғысымен келген қонаққа өзі сөз салып: «Бұл үйден қалаған бір заттың бар ма? Қалауыңызды айтыңыз» деп сұрап, қалаған затын сыйлайды.

Мойнына бұршақ салу. Ер-теде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.



Мектеп өмірі...

Мектеп – достармен танысып, табысқан, ұстазбен қауышқан, қызығы мен шыжығы аралас білім ордасы. Мектеп – білім айдынындағы үлкен кеме. Осы кемеде білім нәрімен сусындап, балалық шағымызды өткеріп жатырмыз. Мектеп табалдырығын аттап, ұлағатты ұстаздардан білім алып жатқаныма 8 жылдай уақыт өтіпті. Мектеп қабырғасында өткеріп жатқан жылдардың қызықты сәттері жадыма мәңгі жатталып қалғандай. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» демекші, біздің мектеп қала бойынша алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болып саналады. Талай түлектер өздері таңдаған мамандықтарына грантпен түсіп, оқып жатыр. Мен де болашақта апаларым, ағаларым секілді оқуға түсуге талпынамын. Оған қазірден бастап мектепте өтіп жатқан оқуларға, олимпиадаларға, мектепшілік іс-шараларға белсене қатысып жүрмін.

Жалпы мектебіміз үлкен, кең, таза әрі жылы. Білім ордамызда спортзал, бассейн, күрес залдары бар. Сондай-ақ мектеп іші әдемі гүлдермен, түрлі түсті суреттермен безендірілген. Мен оқып жүрген кабинеттер заманауи технологиялармен жабдықталған. Ұстаздарымыз әрдайым біздерге сапалы білім, саналы тәрбие беруге тырысады.



Қайратбек Аяла,
«6» - сынып

Жаз

Күн ысыды, жаз келді,
Демаламыз біз енді.
Ойын ойнап, шомылып,
Көтеріміз көңілді.

Қыдырамыз көбірек,
Жаңа оқу жылында.
Бізге жаңа күш керек,
Балалықтың бағында.

Байзаков Иса,
«5» - сынып

Ауылда

Күннің бөленіп нұрына
Шомылып өзеннің суына.
Жазғы демалыс күндерді
Қызықты өткіздім ауылда.

Әжемнің құрты да, майы да
Таптырмас дәрумен бойыма.
Атамның өнеге сөздері
Мәңгілік қалады ойымда.

Дигай Салауат, 7-сынып

Алақай, жаз!



Жаз да жетті асығып,
Балаларды қуантып.
Айналаны құлпыртты,
Жадыратып, жайнатып,

Күнге күйген балалар,
Ойындарын қоймайды.
Қуаныштан жүздері,
Ерекше балбұл жайнайды.

Жаз келгенде балалар,
Ойынға әсте тоймайды.
Әрбір күнін ерекше
Өткізуді ойлайды.

Жунусова Дильназ,
6-сынып

Мәңгілік достық

Кезекті жаз мезгілі жеткен кез.
Оқу жылы аяқталып, балалар
демалысқа шыққан болатын. Ералы да жазғы демалыстың алғашқы күндерін өткізуде. Ол ата-анасы жұмысқа кеткенде көбіне үйде жалғыз қалатын, теледидар көріп, компьютерде көптеген ойындар ойнайтын.

Бір күні көрші үйге қаладан Асылан деген өзімен шамалас бала қыдырып келді. Ералы Асыланмен кешке ата-анасымен серуендеуге шыққанда танысты. Содан бастап екеуі жиі кездесіп, күндіз далаға шығып, аулада ойын ойнап, ата-анасы рұқсат берген күні саябақтарға барып қыдырып жүрді. Асылан өте ақкөңіл, ашық, жомарт бала екен. Сондай-ақ, әңгімені де қызықты етіп айтқанды ұнататын, көпшіл екен. Өзінің бойында ақындық қасиеті де бар екен. Кез келген уақытта көрген нәрсесіне, таң қалдырған оқиғаларға байланысты өлең жолдарын шығара салады екен. Ералы екеуі тез тіл табысып кетті, тіпті кейбір армандары да бірдей, пікірлері де бір жерден шығып жататын. Екеуінің көретін кинолары да,



оқитын кітаптары да бірдей екенін әңгімелерінен аңғарылатын. Ералы мен Асыланның арасындағы достығы күннен-күнге күшейіп, екеуі қай жақта жүрсе де бір-бірін ұмытпайтындарын айтып, әрқашан көмек керек болса бір-бірін қолдайтынын айтып, уәде берісті.

Бұл – махаббаттың, достықтың, сатқындықтың, қолдау мен мейірімділіктің не екенін түсінетін кезең.

Біз де қыркүйектің «жылы лебімен» мектептің 9 жылына қадам бастық. Осы жылы орта мектепті аяқтап, білім ұясынан ұшып шығуға ниеттенген сыныптстарымыз да баршылық. Соларды ойлаған сәтте артыңы көз тастап, үлкендер айтатын «мектеп өмірі» жайлы ойлар санаңа келеді екен.

Қызықты өтетін сабақтар, тағатсыз күтетін қоңырау, алаңдататын бақылау жұмыстары, барлық бала бас қосып, шатшадыман болып өткізетін мәдени-қоғамдық шаралар - бәрі де ерекше қайталанбайтын сәт болып көрінеді мен үшін. Осындай сәттерде сынып ішіндегі татулық пен достықтың куәгері болып жатамыз.

Қазір 9-сыныпта оқып жүргендіктен сабаққа аса ең қоюға тырысып жүрмын. Мұғалімнің әр айтқан сөзін жадыма тоқып, білмегенімді сұрап, білгенімді басқалармен талқылап оқып жүміз. «Шынықсаң шымыр боласың» демекші спорт секцияларына да үзбей қатысып жүрмін. Осының бәрі мектептегі өмірімізге жарқын бояу енгізеді.

Карантинде оқыған кезде ғана



келіп, жаз бойы өзінің уақытын ұмытылмастай етіп өтуіне себеп болған жаңа досына естелікке кітап пен қойын дәптер сыйлады. Ал Асылан болса, Ералыға

Берген уәде берік болсын әр кезде,
Достығымыз жалғассыншы мәңгіге.

Өнер-білім үйренуге ерінбей,
Еңбек етер азамат бол еліңе!
деген өлең жолдарын арнады.

Сапарбек Сезім,
5-сынып

Мектеп өмірі өте қызық

Әрқайсымыздың мектеп қабырғасында өткізген жылдарымызды «балалық шақтың кербез дәмі» деп те атауға болатын шығар. Осы жылдар алғашқы жетістіктеріміз бен «әттеген-ай» сәтсіздіктеріміздің куәгері.

осы мектеп өмірінің қандай керемет екенін сезгендей болдым.

Хамитова Фатина
9 «Г» сынып

Мектебім менің мәртебем

Қиялдарға қанат қағып,
Қияндарды шарладым.
Қалам ұстап, ой толқыны,
Кезді арманның бар маңын.

Мектебім деп білдім, ұқтым,
Балалықтың бал шағын.
Демалыста жүрген шақта,
Партаңды да аңсадым.

Достарым бар, арманы асқақ,
Адалдықты ту еткен.
Мектебіммен мақтанам деп,
Мен айта алам жүректен.

Жақұл Расул, 6-сынып



№15-16

(346-347)

от 31 августа
2021 года

Жазғы демалыс

